


Келісілді
Ақтау қаласының
жекеменшік «Алма»
бөбекжайының әдіскері
Сналина У. 
« 28 » __ 11 __ 2025ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
«Еркетай» кіші топ
Желтоқсан айы 2025 жыл 1 апта

Желтоқсан тәуелсіздік және отаншылдық айы

Отан, ел, туған өлке туралы білу

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу

Мемлекеттік тілді білу

Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу

Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Тәрбиеші: Есқуатқызы А.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.12.2025 ж	Сейсенбі 02.12.2025 ж	Сәрсенбі 03.12.2025ж	Бейсенбі 04.12.2025ж	Жұма 05.12.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Өлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.				

	Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Ойын әрекеті «Жоғалған ойыншықты тап» Бөлменің бір жеріне кішкентай ойыншықты жасырып, «Мысық қайда?» деп іздету Эксперименталдық әрекет «Суға батама, қалқама?» Су толы ыдысқа ойыншықтар салып «Бұл батады ма?» деп бірге тексеру	Асық ойындары Жіпке тізу Түстерді ажырату танымдық дағдылар Бір тұтас тәрбие	«Түстерді тап» а бірнеше түрлі-түсті кубик қойып «Қызыл қайда?», «Көк кубикті берші» деп сұрау Танымдық әрекет	«Сикырлы қорапша» Міндеті: Ойыншықтарды қарау және зерттеу, ажыратып олардың түсін, пішінін, бөлшектерін атау, заттарды топтастыра білуін жетілдіру Сенсорика, танымдық дағдылар	«Арқанды бірге серуендету» ойыны Жұмсақ, қалың, қысқа арқан (немесе лента/жіп). Арқанның бір ұшын сіз ұстайсыз, екінші ұшын бала ұстайды. «Арқанды серуенге шығарамыз!» деп бірге бөлме ішінде немесе аулада жаймен жүресіз. Жүрген кезде арқанды жоғары-төмен, оңға-солға жаймен қозғалтып, балаға сол қимылдарды қайталауды ұсыныңыз. Ойынға кедергілер қосуға болады: арқанды үстінен аттау, арқанды жерге тастап айналып өту, арқанды сүйреп барып бір ойыншыққа «апару». Бір тұтас тәрбие
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Алға және екі жаққа еңкею. Аяқты кезекпен бүгу және жазу. Негізгі қимыл: Жіптің бойымен жүру (ені 20 см, ұзындығы 2 м). Қимылды ойын: «Қояндар секіреді» — балалар қоян болып секіреді, тоқтағанда отырады. Шынықтыру элементі: Ауа ваннасы (2–3 минут), терең дем	Музыка «Музыка әлеміне саяхат» Ұйымдастыру кезеңі Балаларды шеңберге шақыру. Қолдарын ұстап амандасу. Музыкалық амандасу әуені (қысқа, көңілді). Музыка тындау Тыныш, баяу әуен тыңдату (1 минут). Музыканың дыбыс жоғарылығы мен тембрін сезіндіру. Ән айту Тәрбиеші жеңіл, қарапайым әнді	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Орындарында отырып аяқтарын алға созу, тарту. Іш және аяқ бұлшық еттерін дамытуға арналған еңкею жаттығулары. Негізгі қимыл: Гимнастикалық скамейкамен жүру, қолдарын екі жаққа жайып тепе-теңдікті сақтау. Қимылды ойын: «Аю орманға барады» — балалар ауыр жүріспен қозғалады. Шынықтыру элементі: Таза ауада қысқа серуен, жылы құм немесе кілемше		Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды жоғары көтеру, айналдыру, тізені көтеру. Негізгі қимыл: Құрсаудан құрсауға аттап өту. Қимылды ойын: «Күн мен жел» — күн шыққанда жүгіру, жел соққанда тоқтау. Шынықтыру элементі: Жеңіл киіммен қимыл жасау, жаттығудан соң бетгі сулап сүрту.


	алу жаттығулары.	айтады («Лә-лә-лә», «Апа келді» сияқты). Балаларға соңғы дыбыстарды қайталауға мүмкіндік беру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Қарапайым қимылдар: қолды жоғары көтеру қол сермеу оң-солға бұрылу шапалақ Музыкалық аспапта ойнау Сылдырмақ немесе дабылшық беру. Әуенмен бірге қысқа ритмдік соққы жасау. Қоштасу кезеңі Тыныш әуен қосып, «Сау бол!» ишарасын көрсету.	үстінде жалаң аяқ жүру.		
	Қар жауды Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: – «Қар», «суық», «ақ» сөздерін айтуға жаттықтыру.	«Аяз ата мен Ақшақар» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: – «Аяз», «Ата», «Ақшақар»	«Қар адам» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: – «Қар адам» сөзін айтуға жаттықтыру. – «Қар адам не	«Қысқы орманда» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: – Орман жануарларының атауларын айту (қоян, аю, түлкі). – «Қысқы орман» өлеңін	«Қысқы ойындар» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: – Сөйлем құрау: <i>Мен шанамен сырғанаймын. Мен қар</i>

	– Сұрақтарға жауап беру: <i>Не жауды?</i> <i>Қар қандай?</i> – «Қар жауып тұр» өлеңін тыңдау, қардың «жұмсақ, ақ, ұшып жүрген» қасиеттерін сипаттау. Танымдық әрекет, сенсорика әрекеті: – Ақ түсті материалдарды сипау, суық пен жылыны ажырату. – Қардың қалай еритінін бақылау арқылы себеп-салдар байланысын дамыту. Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: – Қыстағы табиғат өзгерістерін байқау: ағаш, аспан, қар. – Балаларға жылы киінудің қажеттілігін түсіндіру.	сөздерін анық айтуға жаттықтыру. – Сурет арқылы әңгіме құрау: <i>Аяз ата қайда барады?</i> <i>Қолында не бар?</i> – «Аяз ата келеді» тақпағын тыңдап, рөлдік ойын арқылы бейнелеу. Танымдық әрекет, сенсорика әрекеті: – Қызыл және ақ түстерді салыстыру. – Киімнің бөліктерін сәйкестендіру (қолғап — қолға, бас киім — басқа). Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: – Бір-біріне жылы сөздер айту: «Сәлем, Аяз ата!», «Қош келдің!» Қайырымдылық, сыйлық беру	істейді?» сұрағына жауап беру. – «Қар адам» ертегісін тыңдау және ертегідегі көңіл-күйді қимылмен бейнелеу. Танымдық әрекет, сенсорика әрекеті: – Үлкен және кішкентай пішіндерді салыстыру. – Қардан жасалған дене бөліктерін сәйкестендіру (бас, дене, аяқ). Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: – Достарымен бірге «қар адам» жасау әрекетінде ынтымаққа үйрету. – Еңбекке баулу (материалдарды жинау, реттеу).	тыңдау, жануарлардың іс-әрекетін сипаттау. Танымдық әрекет, сенсорика әрекеті: – Түстерді ажырату: ақ, қоңыр, сұр. – «Қай аң қандай із қалдырды?» ойынын ойнау. Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: – Ормандағы тіршілік туралы әңгіме: аңдар қалай жылынады, не істейді. – Табиғатты қорғау сезімін ояту.	<i>лақтырамын.</i> – «Қысқы ойындар» тақпағын тыңдау және қимылмен бейнелеу. Танымдық әрекет, сенсорика әрекеті: – Суық пен жылы айырмашылығын тәжірибе арқылы көрсету. – Қысқы ойын құралдарын (шана, шаңғы, қолғап) тану. Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: – Топпен бірге ойнау, кезекпен әрекет ету, достарына көмектесу. – Ойын кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.
--	---	---	--	---	--

		түсінігін қалыптастыру.			
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Желтоқсан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолынды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын				

	тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті (шығармашылық): – Саусақ ұштарымен көк қағазға ақ бояу тамшыларын түсіру арқылы «қар жауып тұр» бейнесін бояу. – Қардың ұшу қозғалысын қимылмен бейнелеу (саусақ биі). – Ақ текшелерден кішкентай қар тауларын тұрғызу	Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті (шығармашылық): – Ақ пластилиннен қар кесегін мүсіндеу, үстіне ұсақ жарқырақ себу – <i>жарқыраған қар әсерін жасау.</i> – Балалар өз қиялындағы Ақшақардың көйлектерін жапсыру (түсті қағаздардан). – Текшелерден «сиқырлы қысқы үй» тұрғызу — <i>шығармашылық елестету мен ұжымдық жұмыс дағдысын арттыру.</i>	Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті (шығармашылық): – Дөңгелек қағаздарды жапсырып қар адам бейнесін құрастыру, әр бала өз қар адамына ерекше сипат қосады (бас киім, мұрын, көз, түйме). – Пластилиннен кішкентай мұрын (сәбіз), шляпа жасау. – Балалардың қиялынан туған «күлген қар адам» бейнесін суретке қосу — <i>шығармашылық еркіндік пен эмоцияны дамыту.</i>	Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті (шығармашылық): – Саусақпен қар үстіне қоянның ізін бейнелеу (саусақ іздерімен). – Қағаздан ағаш пішіндерін қиып, орман көрінісін жапсыру. – Текшелер мен табиғи материалдардан (таяқша, мақта) орман бейнесін тұрғызу	Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті (шығармашылық): – Көк қағазға ақ бояумен қар ойнап жүрген балаларды салу. – Қағаздан шана мен қар пішіндерін қиып, жапсыру. – Пластилиннен қолғаппен қар домалақтарын мүсіндеу. – <i>Баланың қиялынан туған «қызықты қысқы ойын» бейнесін сурет арқылы еркін жеткізуге мүмкіндік беру.</i>

Балалармен жеке жұмыс	 құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен жануарларға қора құрастыруды үйрету.	 дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білулерін дамыту.	 дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды үйрету.	 қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар ойнату.	 аяқтан аяққа тербелу қимылдарын үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Қар жинайық» ойыны. Міндеті: балаларды иілуге, қарды қолмен жинауға және лақтыруға үйрету, қимыл белсенділігін арттыру.	«Аю ұйықтап жатыр» ойыны. Міндеті: тыңдай білу, белгі бойынша тоқтай алу дағдыларын дамыту. Балалар жүгіреді, тәрбиеші «аю оянды» дегенде бәрі тоқтайды.	«Қояндар мен қасқыр» ойыны. Міндеті: балалардың қашу және жасырына білу дағдыларын дамыту. Балалар қоян болып секіреді, қасқыр шыққанда тығылады.	«Тауға шығайық» ойыны. Міндеті: тепе-теңдікті сақтау, қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Балалар қар үйіндісіне шығып, қайта түседі.	«Қар доптарын домалату». Міндеті: қол бұлшық етін дамыту. Балалар қарды домалатып, үлкен доп жасайды.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут				

Келісіді
Ақтау қаласының
жекеменшік «Алма»
бөбекжайының әдіскері
Сналина У. 
«_05_» __12__2025ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Еркетай» кіші топ

Желтоқсан айы 2025 жыл 2 апта

Желтоқсан тәуелсіздік және отаншылдық айы

Отан, ел, туған өлке туралы білу
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу
Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Тәрбиеші: Есқуатқызы А.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.12.2025 ж	Сейсенбі 09.12.2025 ж	Сәрсенбі 10.12.2025ж	Бейсенбі 11.12.2025ж	Жұма 12.12.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.				

	Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Менің отаным» Суреттер әлеміне саяхат біртұтас тәрбие	«Кішкентай көмекшілер» үлкен- кіші ұғымдары туралы түсініктер қалыптастыру Сенсорика, танымдық дағдылар	«Менің атам» Елбасы туралы суреттер қарастыру Біртұтас тәрбие	Табиғатты сүйеміз Тату-тәтті жүреміз Ұяларды бұзбаймыз Талдарды сындырмаймыз Айналаны ластамай Табиғатты аялаймыз Тақпақ қайталату Экологиялық тәрбие	«Бұл не?» Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қоршаған әлеммен танысу, әлеуметтік дағдылар
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Алға еңкею, қолды жоғары және екі жакқа көтеру.	Музыка «Дыбыстарды тыңдаймын» Ұйымдастыру кезеңі Балаларды	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу, жазу.		Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды айналдыру, тізені бүгіп жазу. Негізгі қимыл:


	Негізгі қимыл: 20 см биіктіктегі тақтай үстімен жүру. Қимылды ойын: «Кішкентай пойыз» — бірінің артынан бірі тізіліп жүру. Шынықтыру элементі: Ауада жеңіл жаттығулар, терең тыныс алу.	жайлы отырғызу. Көңілді амандасу әуені. Музыка тыңдау Бірінші – баяу әуен. Екінші – көңілді, шапшаң әуен. Ән айту Тәрбиешінің қарапайым қимыл-қолдауы бар әні. Балалардың қосылып айтуына жағдай жасау (дыбыс шығару жеткілікті). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Шапалақтау Аяқты тарсылдату Жүрелеп отырып қайта тұру Басты оңға-солға ию Музыкалық аспапта ойнау Доп-шарғыда немесе кішкентай барабанмен ритм соғу. Әннің әр қайырмасы кезінде ұру.	Негізгі қимыл: 10–15 см биіктіктегі заттарға шығу және түсу (гимнастикалық скамейка, модуль). Қимылды ойын: «Тышқандар мен мысық» — балалар жүгіріп, «жасырынуға» тырысады. Шынықтыру элементі: Серуен кезінде қысқа уақыт қозғалыс ойындары.	Тура сызық бойымен жүру және баяу айналу. Қимылды ойын: «Жел соқты» — жел соққанда еңкейіп, қолдарын тербетеді. Шынықтыру элементі: Күн сәулесімен шынықтыру (терезе маңында).
--	---	--	---	---

		Қоштасу кезеңі Қол бұлғап қоштасу, тыныш әуен.			
Сиқырлы түстер Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: – Негізгі түстерді атау: қызыл, сары, көк, жасыл. – «Кімнің түсі?» ойыны арқылы сөйлеуге ынталандыру (<i>Қызыл алма, көк</i> <i>аспан, сары күн</i>). – «Түстер елі» ертегісін тыңдау (әр түс – өз патшалығында). Танымдық әрекет, сенсорика әрекеті: – Түрлі түсті доптар мен пішіндерді салыстыру. – Түстерді сәйкестендіру, әр түс өзінің «үйіне» (корзинасына) бару ойыны. Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: – Балаларға түстердің	«Сиқырлы бұлттар» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: – «Бұлт», «аспан», «жаңбыр» сөздерін айтуға үйрету. – «Бұлт қайда ұшады?» сұрағына жауап беру. – «Ақ бұлттар аспанда жүреді» өлеңін тыңдау, дауыс ырғағымен айту. Танымдық әрекет, сенсорика әрекеті: – Мақтаны ұстау арқылы жұмсақ, жеңіл сезімін анықтау. – Бұлт пен судың байланысын түсіну: бұлттан жаңбыр жауады. Әлеуметтік дағды,	«Сиқырлы орман» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: – «Ағаш», «жапырақ», «гүл» сөздерін айту. – «Орманда не бар?» сұрағына жауап беру. – «Сиқырлы орман» ертегісін тыңдау, дыбыстық еліктеу арқылы бейнелеу (жел гуілдейді, құстар сайрайды). Танымдық әрекет, сенсорика әрекеті: – Табиғи материалдарды зерттеу (жапырақ, бұтақ, тас). – Үлкен–кіші ағаш суреттерін салыстыру. Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: – Табиғатты аялау, орманды бүлдірмеу туралы түсінік қалыптастыру. – «Орманды достарымен бөлісу» ойыны арқылы достық сезімін дамыту.	«Сиқырлы көбелектер» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: – «Көбелек» сөзін айту, оның ұшуы мен әдемілігін сипаттау. – «Көбелек қайда ұшты?» сұрағына жауап беру. – «Көбелек биі» өлеңін тыңдау, қимылмен бейнелеу. Танымдық әрекет, сенсорика әрекеті: – Түрлі түсті көбелектерді сәйкестендіру (пішін мен түс бойынша). – Қанаттың симметриясын көрсету: бір жағын бояп, қағазды бүктеу тәжірибесі. Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: – Табиғаттағы жәндіктер туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. – Көбелектің гүлге қонуы — <i>жұмсақтық пен</i> <i>қамқорлық</i> ұғымдарын дамыту.	«Ғажайып қала» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: – «Үй», «мұнара», «көше» сөздерін айту. – «Біздің қалада не бар?» сұрағына жауап беру. – «Ғажайып қалада» ертегісін тыңдау (қалада сөйлейтін үйлер мен күлімдеген шамдар туралы). Танымдық әрекет, сенсорика әрекеті: – Түрлі пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) ажырату. – Пішіндерді пайдаланып үйлерді құрастыру. Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: – Қалада өмір сүру ережелерімен таныстыру (жол, бағдаршам, көше). – Қоғамдық мәдениетті қалыптастыру: бір- біріне сәлем беру, көмектесу.	

	табиғаттағы көрінісін көрсету (жапырақ – жасыл, аспан – көк). – Өзара көмектесіп, түстерді дұрыс орналастыруға үйрету.	қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: – Табиғи құбылыстармен таныстыру: жаңбыр, аспан, жел. – Балалармен бірге бұлттар туралы әңгімелесу (олар аспанда не көреді).			
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Желтоқсан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				

Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті (шығармашылық): – Саусақ бояуымен түрлі түсті шеңберлер салу — «Түстер биі». – Әр бала өз сүйікті түсінен «түс жолақшасын» жапсырады. – Кішкентай түсті шарлардан мүсін құрау (түс әлемінің достары).	Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті (шығармашылық): – Көк қағаз бетіне мақта жапсырып, «ақ бұлттар» жасау. – Бұлт пішінін қолмен жасау (мүсіндеу пластилиннен). – Қиял әлеміндегі «түсті бұлт» бейнесін суреттеу — ақ бұлттарға бояу беру арқылы	Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті (шығармашылық): – Саусақ бояуымен ағаштың жапырақтарын бейнелеу (жасыл, сары, қызыл). – Табиғи материалдармен (жапырақ, бұтақ) жапсыру – <i>креативті табиғи коллаж</i> . – Текшелер мен конструкторлардан «орман үйшігін» тұрғызу.	Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті (шығармашылық): – Қолтаңба арқылы көбелек суретін салу (екі алақанмен қанат бейнелеу). – Түсті қағаздардан көбелек пішіндерін қиып, жапсыру. – Жарқырақпен безендіріп, өз «сиқырлы көбелегін» жасау — <i>шығармашылық дербестікті дамыту</i> .	Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті (шығармашылық): – Түрлі пішіндерден өз «ғажайып қаласын» суреттеу. – Қағаздан ғимарат пішіндерін қиып, жапсыру. – Конструкторлардан жарық шамдары бар қала тұрғызу. – <i>Креативті мақсат: баланың өз ойындағы әлемді елестетіп бейнелеу қабілетін дамыту</i> .

		шығармашылық ойды дамыту.			
Балалармен жеке жұмыс	 негізгі көлемі неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	 құрастыру заттарынан бір қатарға тізіп поезд вагондарын жасату.	 шырша жайлы такпақ үйрету.	 зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын , сын есімдерді қолдануды үйрету.	Туған ел жер туралы әңгіме
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Қар жауып тұр». Міндеті: ырғақты қозғалыстарды дамыту. Балалар алақандарымен «қар жауып тұр» деп айналып жүреді.	«Құстарға жем саламыз». Міндеті: табиғатты сүйеге, қамқор болуға тәрбиелеу. Балалар жем салғышқа дән салады.	«Кім тез қашады». Міндеті: жылдамдықты, зейінді дамыту. Тәрбиеші белгі береді, балалар тез қашады.	«Аюдың інін табайық». Міндеті: бақылағыштықты арттыру, кеңістікте бағдарлау. Балалар аюдың «үңгірін» іздейді.	«Қармен сурет салайық». Міндеті: ұсақ моториканы дамыту. Балалар қарға таяқшамен немесе саусақпен сурет салады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут				

Келісіді
Ақтау қаласының
жекеменшік «Алма»
бөбекжайының әдіскері
Сналина У. 
«_12_» __12__2025ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
«Еркетай» кіші топ
Желтоқсан айы 2025 жыл 3 апта

Желтоқсан тәуелсіздік және отаншылдық айы

Отан, ел, туған өлке туралы білу

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу

Мемлекеттік тілді білу

Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу

Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Тәрбиеші: Есқуатқызы А.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.12.2025 ж	Сейсенбі 16.12.2025 ж	Сәрсенбі 17.12.2025ж	Бейсенбі 18.12.2025ж	Жұма 19.12.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Өлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.				


	Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Достық үйі Конструктордан ғимарат құрастырады. Құрастыру		«Гүлдерді пішінге орналастыр» Әлеуметтік дағдылар, Экологиялық мәдениет	Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау Көңілді әуен қосу Музыка	«Қуыршақты тамақтадыр» коммуникативтік дағдылар
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды кеудеге аяқтастыру және жай ашу, иықты айналдыру. Негізгі қимыл: Скамейка үстімен		Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Аяқты бүгіп, жазу, еңкею. Негізгі қимыл: Құрсаудан аттап өту, артқа қарай айналып жүру.		Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды жоғары көтеріп, айналу. Негізгі қимыл: Бірнеше кедергіден аттап жүру (20 см арақашықтықта).

	жүру, соңында тұрып, қолды жоғары көтеру. Қимылды ойын: «Құстар ұшты» — балалар қолдарын қанатша қағып, жүгіреді. Шынықтыру элементі: Ауа ваннасы және терең дем алу жаттығулары		Қимылды ойын: «Көбелектер ұшады» — балалар еркін қозғалып, «гүлге қонады». Шынықтыру элементі: Жылы бөлмеде немесе верандада қозғалыс белсенділігі.		Қимылды ойын: «Күн шықты» — қолды жоғары көтеріп жүгіру. Шынықтыру элементі: Таза ауада серуен кезінде жаттығуларды қайталау.
